

Сырым аудандық мәслихатының 2004 жылғы 6 сәуірдегі N 5-2 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" (тіркеу N 2654) шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 2 маусымдағы N 7-1 шешімі. Батыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінде 2004 жылғы 24 маусымда N 2697 тіркелген. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 30-17 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 25.12.2006 № 30-17 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 437 қаулысымен бекітілген "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметкерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын берудің тәртібі туралы УАҚЫТША ЕРЕЖЕНІ" басшылыққа ала отырып аудандық мәслихаттың сессиясы ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Сырым аудандық мәслихатының 2004 жылғы 6 сәуірдегі N 5-2 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" (тіркеу N 2654) шешімнің N 2 қосымшасы "Аудан бойынша тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтер көрсету нормативтері" алынып тасталсын.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*А.Дүйсенғалиев
А.Галимов*